

Қазақстан Республикасының
Әділет Министрлігі

Занды тұлғаның мемлекеттік
қайта тіркеуі жүргізілді

2001 ж. «17» қазынар

Тіркеу нөмірі 119-1904-1677

БСН 960340000306

Алғашқы тіркелген күні

1999 ж. «01» наурыз

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «№2 Хромтау гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2020 жылғы «30» желтоқсандағы
№ 490 қаулысымен бекітілген

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «№2 Хромтау гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Хромтау гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) білім саласындағы қызметтерді жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық түрдегі мекеме ретінде құрылған, заңды тұлға мәртебесін иеленген коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мекеменің түрі: коммуналдық.

3. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Хромтау гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 490 қаулысымен өзгертілді.

4. Ақтөбе облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады.

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті органы болып (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) табылады. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі мекеменің мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Хромтау гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Надежда Курченко көшесі, 1 үй.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеме мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі қаражатқа жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Құрылтайшы субсидиарлық жауапты болады.

12. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ақтөбе облыстық аумақтық қазынашылық бөлімше департаментінде міндетті тіркелуден кейін күшіне енеді.

3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мекеменің іс-әрекетінің мәні білім берудің мемлекеттік стандартқа байланысты оқу бағдарламасын меңгеру үшін қолайлы жағдай жасау және Азаматтыққа, патриоттыққа, Қазақстан Республикасы – өз еліне сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді, ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге баулу, антиконституциялық және қоғамға жат істерді қабылдамауға тәрбиелеу болып табылады.

14. Мекеме қызметінің мақсаты – оқушылардың жоғары деңгейлі білім алуына, патриоттық сезімі мен азаматтық парызын қалыптастыру және конституциялық-азаматтық міндеттерін орындау болып табылады.

15. Қойылған мақсаттарды орындау үшін Мекеме келесі мақсаттарды жүзеге асырады:

- 1) негізгі білім беру бағдарламаларын сапалы игеруді қамтамасыз ету;
- 2) оқуға бейімді, дарынды оқушыларды анықтау;
- 3) мемлекеттік жалпы білім беру стандарт деңгейін жоғарылата отырып, оқушыларды кәсіби тәртіпте оқыту;
- 4) оқушылардың ерте кәсіби бейімділігі;
- 5) оқытуда инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану арқылы оқушылардың өз бетінше танымдық қызметі мен шығармашылық қабілеті дағдыларын дамыту;
- 6) жалпы білім беру үрдісінде отандық және шетелдік озық педагогикалық тәжірибелерді қолдану, педагогтардың кәсіби біліктілігі мен шығармашылық қызметін арттыру;
- 7) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- 8) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

9) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

10) оқушыларға кәсіптік бағдарлауды қамтамасыз етіп, кәсіптік еңбек түрін саналы түрде таңдауға қажетті жағдайлар жасау.

16. Негізгі міндеттерді жүзеге асыруда Мекеме құқылы:

1) мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, өз бетінше білім беру бағдарламасын жасайды, қабылдайды және жүзеге асыруға;

2) мемлекеттік стандарттар талаптарын ескере отырып, өз бетінше жылдық оқу жоспарын, жылдық күнтізбелік жоспарын және сабақ кестесін құрады және бекітуге;

3) білім мен тәрбие беру түрлерін, жолдарын және әдістерін, оқулықтар мен оқу құралдарын таңдауға;

4) бағалау жүйесін, түрлерін, оқушыларды аралық аттестаттау тәртібі мен кезеңділігін таңдауға;

5) қосымша білім беру бағдарламаларын, оның ішінде негізгі білім беру бағдарламаларынан тыс ақылы қызметтерді де жүзеге асыруға;

6) қосымша ақылы қызмет туралы келісімнің шарттарын ата-аналар орындамаған жағдайда Мекеме сот органдарына жүгінуге;

7) қосымша қаржы көздерін тартуға, соның ішінде валюталық, ақылы білім беруден түскен қаржы, өз бетінше демеушілік еткен заңды және жеке тұлғалардың, соның ішінде, шетел азаматтарының, мақсатты салымдарын тартуға;

8) құрылтайшы келісімімен жеке меншік объектілерін жалдайды және жалға беруге;

9) шетелдік кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен тікелей қарым – қатынас орнату құқықтарына;

10) Қазақстан Республикасының заң шығару басқармасының сыртқы экономикалық қызметін қалыптастыруға;

11) мекеменің әдістемелік кеңесі арнаулы курстар, элективтік курстар мен қосымша ақылы білім бағдарламаларын бекітуге.

4. Мекемені басқару

17. Мекеменің құрылтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекеменің құрылуы, қайта құрылуы және таратылуы туралы шешім қабылдайды;

2) Мекеменің Жарғысын бекітеді, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

18. Мекеменің мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңдылықтармен бекітілген мына функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

19. Мекемені басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңдылықтармен бекітілген мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді.

2) Мекемені басқару органдарының құрылымын, қалыптасу тәртібін және мерзімін анықтайды;

3) Мекеменің мүлкін сақтауға бақылау жасайды.

4) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін анықтайды;

5) Мекеменің құрылымын және штаттық саны шегін бекітеді;

6) Мекеме басшысының ұсынысымен оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және босатады;

7) Жылдық қаржылық есепті бекітеді;

8) Уәкілетті органға мемлекеттік және жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу бойынша келісім береді;

9) Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның келісімімен Мекеменің қайта құрылуы мен таратылуын жүзеге асырады.

10) Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

21. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын құру арқылы тиісті саланың уәкілетті органымен тағайындалады.

22. Мекеме басшысы басшылық қағидаттарында әрекет етеді және мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Мекеме басшысы Мекеме қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес:

1) Мекеме мүлкінің сақталуына және қаржы-шаруашылық қызметіне дербес жауап береді;

2) Мекеме атынан сенімхатсыз барлық органдарда оның мүддесін білдіреді, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік» туралы Заңы шегінде мекеме мүлкіне иелік етеді, келісім шарттар жасасады, кепілхаттар береді, банктік есеп-шоттар ашады және басқа да әрекеттерді жүзеге асырады. Мекеменің барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді;

3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, келісім-шарттарды бұзады, ынталандырады, Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келетін жағдайларда шара қолданады;

4) Мекеме қызметкерлерінің міндеттері мен құзырларын белгілейді;

5) Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын қабылдауға бағытталған директордың тікелей жауапкершілігімен белгіленетін шаралар қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, осы Жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

24. Мекемені басқару Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы» заңдарына және орталық атқарушы органдар, жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті органдар, білім басқармасының жергілікті органдарының қаулыларына, нұсқаулықтарына, өкімдеріне, бұйрықтарына, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

1) Коммуналдық мемлекеттік мекені алқалы басқарудың нысандары болып педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңес және Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасы негізінде басқарудың басқа да түрлері табылады.

5. Мекеме мүлкін қалыптастыру тәртібі

25. Мекеменің заңды тұлғаның активтері Мекеме мүлкін құрайды, құны оның теңгерімінде көрсетіледі. Мекеменің мүлкі:

1) Оған меншік иесі берген мүліктің;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптастырылады.

26. Мекеменің оған бекітілген мүлікті және смета бойынша бөлінген қаржыға алынған мүлікті өз бетінше бөлуге және жұмсауға құқы жоқ.

27. Мекеменің қызметі жергілікті атқарушы орган бюджетінен қаржыландырылады.

1) Мекеменің қаржы-шаруашылық дербестігі жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

28. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес есептілік ұсынады.

29. Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизияны Қазақстан Республикасының заңдылықтарында бекітілген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүргізеді.

6. Мекеменің жұмыс тәртібі

30. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережесімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек Заңының нормасына қарсы келмейді.

7. Мекеменің білім беру жүйесін ұйымдастыру

31. Мекеме білім беру қызметін жүргізуге лицензия алған күннен бастап құқылы және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте кері қайтарылғанда немесе жарамсыз болып мойындалғанда тоқтатылады.

32. Мекемеде жүзеге асатын оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларын толық көлемде уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету қажет.

33. Мекемеде оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде жасалған, жалпыға міндетті негізгі және қосымша бағдарламаларды игеру, «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес 12-жылдық білім беруге кезеңмен көшуге әсер ететін жұмыстық оқу жоспары мен жұмыстық оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асады.

34. Мекеменің тәрбие бағдарламалары оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім аушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық сезімін қалыптастыруға, сондай – ақ, жан – жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған. Мекемеде нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырмашылықты насихаттауға тиым салынады.

35. Оқу-тәрбие үрдісі оқушы мен педагог қызметкерлерінің өзара адами қасиеттерін сыйластық негізінде жүзеге асырылады. Оқушыларға қатысты күш көрсету, моральдық, психологиялық, әлімжеттік әдістерін қолдануға жол берілмейді.

36. Мекемеде білім беру үрдісін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептерінің типтік оқу жоспары ұсыныстарына сәйкес уәкілетті органмен келісе отырып жылына 1 рет жасалған жеке оқу жоспары негізінде жүзеге асыралады.

37. Бағдарлы оқытуға сәйкес вариативті және қолданбалы арнайы курстардың оқу бағдарламасын уәкілетті органмен келісуі қажет.

38. Гимназия – жалпы білім беретін және қосымша білім беретін бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын қоғамдық гуманитарлық және оқушы бейімділігі мен қабілеттілігіне сәйкес басқа бағыттарда кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін оқу орны.

39. Гимназиялық құрылым қамтамасыз етеді:

1) оқытудың инновациялық әдістері мен технологиясын қолдана отырып, оқыту бағдарын жеке таңдауды;

2) жаңа оқу бағдарламаларын, бағдарлы пәндерді, арнайы курстарды мекеме мақсаты мен міндеттерін орындайтын қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін арнайы курстарды енгізуді;

3) тұлғаның жалпы мәдени дамуына әсер ететін нақты жағдайды тануда әмбебап түрлерін игеруге, оқушының ойлау қызметін дамытуға бағытталған, адамгершілікті ақыл-ойын қалыптастыратын пәндер мен курстарды енгізуді.

40. Мекеменің құрылымы жалпы орта білім беретін 1-11(12) кластар базасында ұйымдастырылады:

1) бастауыш білім беру деңгейі (бастауыш мектептің 1-4 сыныптары) оқу қызметінің негізгі дағдысы мен машығын, теориялық ойлау элементтерін, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету дағдысын меңгеруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ баланың жеке қабілетін анықтауға бағытталған;

2) негізгі орта білім беру деңгейі (негізгі мектептің 5-9 (10) сыныптары) базалық дайындықпен қатар оқушының бейіндік дайындығын қамтамасыз ететін негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушы тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осы сатыда ішкі және сыртқы дифференциация негізінде оқушының базалық дайындығының аяқталуын қамтамасыз етеді;

3) жалпы орта білім беру деңгейі (10-11(12) сыныптар) оқытудың бейіндік бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушының жалпы орта білім беру дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді.

41. Бейінді пәндерді жүргізу кезінде сынып оқушыларының саны 24 және одан көп болса, сыныпты екі топқа бөлу жүзеге асырылады.

Кейбір пәндерді оқытқан кезде кластарды топтарға бөлу Қазақстан Республикасы белгілеген заңнамаларға сәйкес жүргізіледі.

42. Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру мемлекеттік мекемелерінің тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) сату жөніндегі ақылы іс-әрекет түрлерін көрсету, сатылған тауарлардан (жұмыстар мен қызметтерді) түскен қаражатты жұмсау Ережесінің негізінде Мекеме қосымша ақылы білім қызметін көрсетеді. Ата-аналармен немесе олардың заңды өкілдерімен келісім шарттар жасалады. Қосымша ақылы қызметтер үшін ақы төлеуді Мекеменің Кеңесі реттейді және бекітеді. Қосымша ақылы білім беру қызметінен түскен қаражат шығындар кестесінің негізінде жұмсалады.

43. Мекемеде оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 25 мамырда аяқталады. Оқу жылының ұзақтығы Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің жыл сайынғы «Жалпы білім беру мекемелерінде жаңа оқу жылының басталуы туралы» бұйрығымен белгіленеді. Мектепалды даярлық және бірінші кластарға 3-ші тоқсанның ортасында қосымша демалыс аптасы беріледі, оның басталуы мен аяқталу мерзімін жергілікті білім басқару органдары анықтайды. Оқу жылының басталуы мен аяқталу мерзімдерін тек

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді.

44. Сабақ кестесін мекеменің өзі жасап, директоры бекітеді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және ретікөрсетіледі. Мекемедегі сабақтар П.С.Гранкиннің Концепциясына сәйкес бұрын енгізілген және апробацияланған заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы қосарланып өткізіледі.

45. Мекемеде оқыту орыс тілінде жүргізіледі. Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартына сәйкес мекеме орыс тілімен қатар мемлекеттік тілдің оқытылуын қамтамасыз етуі қажет.

46. Мекемеде оқушыларға медициналық қызмет көрсету Хромтау Орталық аудандық емханасыныңарнайы бекітілген медицина қызметкеріне жүктеледі. Ол әкімшілікпен және педагогикалық қызметкерлермен бірге білім алушылардың денсаулығына, өсіп дамуына, емдеу-профилактикалық шараларының өткізілуіне, санитарлық-гигиеналық нормалардың, күн тәртібінің сақталуына, оқушылардың тамақтануының сапасына жауап береді.

47. Мекемеде тамақтандыруды ұйымдастыруды жеткізушілер мен жалға алушылар қамтамасыз етеді.

8. Білім деңгейін ағымдық бақылау, оқушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі

48. Білім алушылардың білім деңгейін бағалау және оларды аттестаттау ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

49. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады.

50. Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.

51. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

Тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде және қашықтықтан оқыту нысанында оқыту кезіндегі жиынтық бағалау

2-11 (12) сыныптарда жүргізіледі. Бұл ретте пәндер бойынша 1 бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) өткізіледі.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

52. "Өзін-өзі тану", "Көркем еңбек", "Музыка", "Дене шынықтыру", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Графика және жобалау", "Қоғам және дін" пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді.

Тоқсан ("Дене шынықтыру", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" және "Графика және жобалау"), жарты жыл ("Өзін-өзі тану", "Көркем еңбек", "Музыка", "Қоғам және дін") және оқу жылының соңында аталған пәндер бойынша "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген белгі жазылады.

53. 2-11 (12) сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы тоқсандық бағалар жиынтығының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады және қорытынды баға болып табылады. 6-8,10-сыныптарда оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау жүргізілмейді.

54. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады және мынадай нысандарда өткізіледі:

1) 9 (10) сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;

2) 11 (12) сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

55. Негізгі орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін оқыған пәндерден "5" деген бағасы бар 9 (10) сынып бітірушілеріне "Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

56. 10 (11) және 11 (12)-сыныптардағы оқу кезеңінде барлық оқыған пәндерден жылдық, қорытынды және қорытынды аттестаттаудағы бағалары "5" болған 11 (12)-сынып бітірушілеріне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

Жақсы мінез-құлық танытқан және 5-11 (12) сыныптар аралығында барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары "5" болған және жалпы орта білімі бойынша қорытынды аттестаттаудан "5" деген бағаға өткен 11 (12) сынып бітірушілеріне № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаты және "Алтын белгі" белгісі беріледі.

57. Білім алушылар аттестаттау емтихандарынан ауыруына байланысты медициналық комиссия қорытындысы негізінде босатылады. Емтиханнан босатуға құқық беретін аурулар тізімін ҚР Білім және ғылым министрлігі белгілейді.

9. Мекемеге құжаттарды қабылдау тәртібін ұйымдастыру

58. Гимназияның 1 кластарына 6(7) жастағы балалар тұрғылықты мекен-жайы ескерілмей байқау негізінде қабылданады.

59. 1-11 кластарға оқушыларды қабылдау байқау негізінде (тестілеу) тұрғылықты мекен-жайына қарамастан және оқушымен, ата-анамен сұхбат пен тест өткізілгеннен соң мекеме директорының бұйрығы негізінде жүзеге асады.

60. Қабылдау, кластан класқа көшіру, кластан шығару мекеме Кеңесі (Педагогикалық Кеңес) шешімімен мекеме Жарғысына сәйкес тоқсан және жартыжылдық үлгерім (ұпай рейтингі) нәтижесі бойынша жасалады.

61. Оқудан шығарылған оқушы тұрғылықты мекен-жайындағы мектептің жалпы білім беретін кластарында білімдерін жалғастырады.

62. Оқушыларға конкурстық байқау өткізу формасы мен мазмұны, оларды мекемеге қабылдау тәртібі педагогикалық Кеңеспен бекітілген және уәкілетті органмен келісілген қабылдау тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

63. Мекемеге қабылдау үшін ата-аналар мен өзге заңды өкілдер келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) директор атына өтініш;
- 2) «Туу туралы куәліктің» көшірмесі;
- 3) баланың медициналық картасы;
- 4) мектеп мөрімен куәландырылған (оқу жылы барысында мектепке ауысқан жағдайда) барлық пәндер бойынша ағымдық және қорытынды баға көшірмелері (табель);
- 5) негізгі мектепті бітіру туралы куәлігі (10 класқа қабылдау кезінде).

64. Мекемеге оқушыларды қабылдау кезінде оның басшысы оқушыны, оның ата-анасы мен өзге заңды өкілдерін мекеменің Жарғысымен және білім беру үрдісін ұйымдастыруды реттеуші құжаттармен таныстыруға міндетті.

65. Мекемеде 5 жастағы балалар үшін біржылдық мектепалды даярлық сыныптары ашылуы мүмкін.

10. Еңбек және оның төлемдері

66. Мекеменің қызметкерлері мен Әкімшіліктің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына және осы Жарғыға сәйкес анықталады.

67. Қызметкерлердің еңбекақысы және лауазымдық төлемақылары олардың біліміне, жұмыс стажына және біліктілік санатына сәйкес белгіленеді.

68. Мекеме жұмысшыларының еңбек ақы төлемінің қоры құқықтық-нормативтік актілер және мемлекеттік мекеменің жұмысшыларына төленетін еңбек ақысының тәртібі негізінде орындалады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсан 2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметкерлердің, мекеме жұмысшыларының мемлекеттік бюджеттен төленетін ақыларын төлеу

жүйесі туралы» бұйрығына сәйкес лауазымдық төлемдері, тарифтік ставкалар мен қосымша төлемдер анықталады.

69. Еңбек режимі (кезеңі) еңбек заңнамасында қарастырылған кепілдік бойынша бекітіледі.

70. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Мекеме мен жұмысшылар арасындағы қатынас келісім-шартпен және онда көрсетілген құқығы мен міндеттемесімен бекітіледі.

11. Тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының құқықтары мен міндеттері

71. Мекеме және тәрбиеленушілер мен ата-аналары (заңды қамқоршылары) арасында келісім-шарт толтырылады, оның ішінде екі жақтың құқықтары мен міндеттері көрсетіледі.

72. Мекемеде Қазақстан Республикасы Заңына қарсы келмейтін оқушылар, ата-аналар, мектеп-интернатының қызметкерлерімен құрылған қоғамдық ұйымдар жұмыс жасай алады.

73. Мекеме оқушыларының құқығы:

- 1) мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) мекеме кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;
- 4) өзінің бейімділігі мен қажеттілігіне қарай қосымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;
- 5) білім беру ұйымдарын басқаруға қатысуға;
- 6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен білім беру ұйымдарында ақпаратты ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу – әдістемелік кешендермен және оқу – әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 7) спорт, оқу, акт залдарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
- 8) өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 9) өзінің адамдық қадір - қасиетінің құрметтелуіне;
- 10) қосымша білім беру қызметтерін алуға, өзін-өзі басқару кеңесі және басқа да қоғамдық ұйымдар арқылы оқушылар ұжымын басқару істеріне қатысуға, ар – ождан бостандығына, жеке адам мүддесіне қол сұқпаушылыққа, өзінің пікірін және білімін әділ бағалау сеніміне;
- 11) оқушылардың мемлекеттік және білім беру стандартына сәйкес, қосымша ақылы білім беру қызметін пайдалануға, өзін-өзі басқару кеңесі және басқа да қоғамдық ұйымдар арқылы мектеп оқушылар ұжымын құруға қатысуға жеке басы құқығына қол сұғылмауына және еркін білдіруге, білімнің әділ бағалануына көз жеткізуіне құқығы бар.

74. Мекемедегі оқушылардың міндеті:

1) білім алушылар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, қабілетті, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мекеменің жарғысында және білім беру қызметін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;

2) білім алушылар өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;

3) білім алушылар педагог қызметкердің ар – намысы мен қадір - қасиетін, өздері білім алатын оқу орындарының дәстүрлерін құрметтеуге;

4) мекеме әкімшілігімен бекітілген гимназия формасымен сабаққа келуге;

5) мекеме жарғысымен бекітілген оқушыларға арналған ережелерді орындауға;

6) мекеме мүлкіне адал қарауға;

7) мекеме қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртіп ережелері мен Жарғыда қойылған талаптарын орындауға міндетті.

75. Оқушылардың өзге міндеттері «Оқушылар ережесімен», «Мекеменің жұмыс режимі» және мекеме директорының бұйрықтарымен анықталады.

76. Білім алушының тәртіп ережесі:

1) Білім алушылар Қазақстан Республикасының лайықты азаматы және өз Отанының патриоты болуға тырысуы қажет. Білім алушылар өздерін адал және лайықты ұстайды, өзара және үлкендер арасындағы қарым-қатынаста әдеп пен өнеге талаптарын сақтайды, өзінде шығармашылық тұлғаның жақсы қасиеттерін дамытуға тырысады;

2) Білім алушылар өздерінің құрдастары мен үлкендерге құрметпен қарауы тиіс, айналасындағыларға дөрекілік көрсетпейді және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға аяушылық білдіреді, мүмкіндігінше оларды қорғайды;

3) Білім алушылар адалдықтың, мәдениеттілік пен әдептіліктің үлгісі болып табылады, азғындықтың көрінуіне төзбейді және жыныстық, ұлттық немесе діни белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді;

4) Білім алушылар салауатты өмір салтын қолдайды және зиянды әдеттерден толығымен бас тартады;

5) Білім алушылар білім беру мекемесінің тәртібін құрметтеуі, оның мүлкін ұқыпты ұстап, тазалық пен тәртіпті қадағалауы қажет;

6) Білім беру мекемесінен тыс жерде білім алушылар сол білім беру мекемесінің өкілі болып табылатындығын әрқашан есте сақтауы тиіс және оның абыройы мен беделін түсіріп алмау үшін барлық күшін салып әрекет етуі қажет.

7) Білім алушылар білімді бақылау шаралары (мәнжазбалар, курстық, бақылау, дипломдық және басқа жұмыстар) барысында өз еңбегінің нәтижесінің сапасын көшіру немесе басқа тұлғалардан, Интернет-ресурстарды қоса алғанда көмек сұрау; жоғары баға алу үшін туысқандық немесе қызметтік

байланыстарды қолдану; қыдыру, кешігу және дәлелсіз себептермен сабақ жіберу сынды академиялық жат қылықтардың барлық түрлерімен күресуі қажет.

8) Аталған Ереже білім беру мекемесінің барлық білім алушыларымен міндетті түрде сақталуы тиіс.

77. Білім беру ұйымдарына алып кіруге және қолдануға болмайтын заттардың тізімі:

1. Қарулар

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б.);
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар/көздеуіштерден басқа);
- газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапульталар, сүңгілер және найзалы құралдар;
- жануарлардыжансыздандыруға арналған құралдар;
- мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
- травматикалық және жарық-дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
- электрошокты құрылғылар.

2. Қадалғыш/ кескіш қарулар мен өткір заттар

- балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);
- қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
- скальпелдер;
- металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;
- бұрандылар;
- тері астына дәрі беретін және тоқитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;

- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктелмелі жолға арналған пышақтар;

- бекіністік құрал-саймандар.

78. Мекеме оқушыларына тиым салынады:

1) мекемеге қару, спирттік ішімдіктер, темекі өнімдері, токсинді және наркотикті заттарды әкелуге, басқаға беруге, қолдануға;

2) жарылысқа және өртке әкеп соқтыратын кез-келген заттарды қолдануға;

3) мекемеге ұялы телефондар әкелу мен сабақ барысында қолдануға;

4) қарым – қатынасты шешу үшін қорқытуға, күш қолдануға, қанауға;

5) қоршаған ортаға зиянын тигізетін әрекеттер жасауға;

6) әр түрлі конфессиялардағы діни бірлестіктердің киімдері мен элементтерін қосуға (хиджаб, никаб, шапан, бетперде, сикхтар сәлдесі, иудейлер бас киімі, «ірі» христиандық кресттер және т.б), сонымен қатар бас киімдер (орамал, кимешек, береткалар);

7) мектеп формасына аксессуар ретінде – көлемді сырғалар, түйреуіштер, әйкелдер, сақиналар, мойын орамалдар, жарқын макияж және маникюр, жарқын ерін далабын, көлемді тоғалы белдіктер, шаш бояуы және әдеттен тыс ерлер және әйелдер шаш кию үлгісі.

79. Оқушылардың басқа да міндеттері мекеме директорының бұйрығымен және «Техникалық қауіпсіздік туралы» бұйрықтарымен анықталады.

80. Мекемеде оқушыларды қоғамдық саяси ұйымдарға, қозғалыстарға мәжбүрлеп кіргізуге, сонымен қатар оларды осы ұйымдардың жұмысына мәжбүрлеп тартуға және үгіттеу компаниялары және саяси ағымдарға мәжбүрлеп қатыстыруға жол берілмейді.

81. Мекемеде әртүрлі формадағы діни тәрбиеге жол берілмейді.

82. Ата – аналар мен заңды өкілдер құқылы:

1) оқыту түрін таңдауға;

2) балалардың заңды құқығы мен мүддесін қорғауға, ол үшін гимназия директорының атына жазбаша өтініш жазады. Директор заңмен белгіленген мерзімде 1 айдан кешіктірмей жазбаша жауап қайтаруы керек. Ата-аналар қойылған бағамен келіспейтіндері туралы баға қойылғаннан кейін 3 күннен кешікпей арыз бере алады.

Ата-аналар мен мұғалімдер арасында қойылған негізсіз баға төңірегінде шиеленістер орын алған кезде мекеме директоры пәндер мамандарынан (әдіскерді тарта отырып) жасақталған тәуелсіз комиссия құрылады. Комиссия баланың білімін тексеріп, тиісті бағасын қояды;

3) ата-аналар комитеті арқылы мекемені басқару ісіне және мекеме Кеңесіне қатысуға;

4) жалпы және ата – аналар жиналыстарына қатысып, өз пікірлерін білдіруге;

5) мекемені басқаруға қатысу, яғни мектеп кеңесіне, қорғаншылық

кеңесіне сайлануға және сайлауға қатысуға;

6) білім процесінің барысы, мазмұны және оқушының сабақ үлгерімімен танысуға;

7) бала оқитын класта директордың, сабақ жүргізуші мұғалімнің рұқсатымен мұғалімдердің сабақтарына қатысуға, балалардың сабақ үлгерімі туралы класс жетекшісі жазбаша немесе ауызша түрде ата-аналарды таныстырады;

8) Мекеменің Жарғысымен, білім беру құқын беретін лицензиямен, гимназияны қайта тіркеу туралы куәлігімен танысуға;

9) мекеменің дамуы үшін мақсатты салымдар мен жарналарды өз бетінше салуға;

10) мекемеден өз балаларының оқу үлгерімі, мінез-құлқы және оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;

11) соңғы сабақтан кейін мекемеге келіп, педагог – мұғалімдермен әңгімелесуге құқылы.

83. Ата – аналар мен заңды өкілдер міндетті:

1) өз балаларын тәрбиелеуге және жалпы орта білім алуына;

2) мекеме Жарғысын орындауға, ата-аналар жиналысына қатысуға;

3) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, адами тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге ;

4) бес жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуге, ал алты жастан мектепке беруге;

5) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде гимназияға көмек көрсетуге;

6) балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге;

7) мекеменің біріңғай мектеп формасы жөніндегі талабын орындауға, дене шынықтыру, еңбекке баулу және алғашқы әскери дайындық сабақтарында арнаулы және спорттық киімдермен қамтамасыз етуге;

8) қосымша білім беру қызметі жөніндегі келісім-шартқа сәйкес мекеме көрсеткен қосымша ақылы білім беру қызметі үшін ақыны уақытында, аптасына 1 рет төлеп тұруға.

84. Мекемеге арнайы педагогтік немесе кәсіптік білімі бар адамдар педагогтік қызметке қабылданады.

85. Білім беру ұйымдарында жұмыс істеуге педагогтік қызметке сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған адамдар, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

86. Білім беру мекемесіне қабылдау тәртібі «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде» бекітілген және еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады.

87. Педагогикалық қызметкерлер міндетті:

1) пән бойынша дидактикалық материалдар жинау жұмысын жүргізуге, қазіргі заманғы педагогикалық талаптарды ескере отырып, кластар кабинетін ресімдеуге;

2) шеберлігін үнемі түрде көтеріп отыруға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру үшін жұмыс жасау, оқушылардың білім сапасын көтеруге, әдістемелік және мерзімді әдебиеттерді жаздыртып алуға;

3) оқуға, білімге құштарлығын және оқу – тәрбие процессін көтеру мақсатында педагогикалық практикада жаңа әдістер мен технологияларда қолдану, ғылыми – зерттеу, тәжірибелі – экспериментті жұмыстармен айналысуға;

4) оқушылардың олимпиадаға, ғылыми жұмыстар жарысына, интеллектуалдық байқауларға даярлау бойынша жүйелі жұмыс жүргізуге;

5) мекеме Жарғысын бұзбай отыра, сабақтан тыс уақытта оқушылардың білім сапасындағы олқылықтарын жою мақсатында оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге;

6) тиісті білім мекемесінің мемлекеттік жалпы орта стандарттарының талаптарын сақтай отырып, педагогикалық әрекетті ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін еркін таңдауға;

7) білім мекемесін басқарудың алқалық жұмысына қатысуға;

8) бес жылда бір рет ұзақтығы 4 айдан аспайтын біліктілігін көтеруге;

9) санатын жоғарылату мақсатында мұғалім мен оқушы жетістіктері болған жағдайда мерзімінен бұрын аттестациядан өтуге өтініш білдіруге, лауазымы бойынша білім туралы құжатпен расталған білімінің талаптарына сәйкес келу үшін барлық тарифтік-біліктілікке ие болуға;

10) мекеменің Жарғысы мен ішкі еңбек тәртібінің ережесін орындауға, мектептің педагогикалық кеңесі бекіткен бірыңғай киім үлгісінің талаптарын орындауға;

11) мекемеде оқушылардың адами жетістіктерін сыйлау негізінде тәртіпті сақтауға;

12) ата-аналар мен басқа да тұлғалардың жазбаша арызы бойынша шиеленістерді шешуге қатысуға;

13) мекеме директорының бұйрығымен мерзімді түрде ақысыз медициналық тексеруден өтуге;

14) мекеме мен класс ата-аналарының арасындағы көрсетілген ақылы қызметтердің есебі мен көрсетілу сапасын бақылауға.

88. Педагогикалық қызметкерлер құқылы:

1) мекемені басқаруға қатысуға;

2) педагогикалық кеңесте жұмыс істеуге;

3) мекеме Кеңесінде сайлануға және сайлауға;

4) ішкі тәртіп ережелерін сақтау мен орындауға;

5) еңбек ұжымының жалпы отырысында шешімдерді талқылау мен қабылдауға;

6) өз біліктілігін көтеруге;

7) шеберлігі, тәжірибесі мен еңбек өтіліне сәйкес біліктілік санатының негізінде ерікті түрде аттестациядан өтуге;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген жеңілдіктер мен

өтемақыларды, мекеме бекіткен қосымша жеңілдіктерді алуға;

9) мекеме Жарғысы немесе мұғалімдік мінез-құлық талаптары нормаларының бұзылуы кезінде бір данасын шағым келтіретін тарапқа тек қана жазбаша бере отырып, тәртіптік тексеру жүргізуге.

12. Құрылтай құжаттарына толықтыру мен өзгертулер енгізу тәртібі

89. Құрылтай құжаттарына толықтыру мен өзгертулер Құрылтайшының шешімімен енгізіледі.

90. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

13. Мекемені қайта құру мен жою шарты

91. Мемлекеттік Мекемені жою және қайта құру Қазақстан Республикасының заңнамаларының тәртібі бойынша жүргізіледі.

92. Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілгендей, қайта құрылған және жойылған мекеме жұмысшыларының құқықтары кепілдендіріледі.

14. Мекемелердің филиалдары мен өкілдіктері туралы ақпарат

93. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

УСТАВ
коммунального государственного
учреждения «Хромтауская гимназия №2»
государственного учреждения «Отдел
образования Хромтауского района Управления
образования Актюбинской области»

Утвержден постановлением
акимата Актыобинской
области от «30» декабря
2020 года №490

УСТАВ
коммунального государственного учреждения
«Хромтауская гимназия №2» государственного учреждения
«Отдел образования Хромтауского района Управления образования
Актыобинской области»

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Хромтауская гимназия №2» государственного учреждения «Отдел образования Хромтауского района Управления образования Актыобинской области» (далее – Учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления функций в сфере образования.

2. Вид учреждения: коммунальное.

3. Коммунальное государственное учреждение «Хромтауская гимназия №2» государственного учреждения «Отдел образования Хромтауского района Управления образования Актыобинской области» переименовано постановлением акимата Актыобинской области от 30 декабря 2020 года № 490.

4. Акимат Актыобинской области является Учредителем государственного учреждения.

5. Уполномоченным органом по руководству соответствующей отраслью государственного учреждения является государственное учреждение «Отдел образования Хромтауского района Управления образования Актыобинской области» (далее - Уполномоченный орган соответствующей отрасли). Уполномоченным органом по управлению государственным имуществом государственного учреждения является государственное учреждение «Управление финансов Актыобинской области» (далее - Уполномоченный орган по государственному имуществу).

6. Наименование государственного учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Хромтауская гимназия №2» государственного учреждения «Отдел образования Хромтауского района Управления образования Актыобинской области».

7. Адрес: Республика Казахстан, 031100, Актыобинская область, Хромтауский район, город Хромтау, улица Надежды Курченко, дом 1.

2. Юридический статус Учреждения

8. Учреждение считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Учреждения.

10. Учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица.

11. Учреждение отвечает по своим обязательствам находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у Учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Учредитель.

12. Гражданско-правовые сделки Учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в департаменте казначейства по Актюбинской области Комитета казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности учреждения

